

Жібек жолы ауылындағы көшелерге және шағын аудандарға атаулар беру туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Жібек жолы ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 27 қарашадағы № 101 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 қаңтарда № 1-4-162 тіркелді

1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, Жібек жолы ауылындағы 2009 жылғы 21 қазандағы тұрғындар жиналысының хаттамасын есепке ала отырып, Жібек жолы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жібек жолы ауылындағы орталық массивтегі жаңа құрылыстар көшесіне атау берілсін:

№ 1 көшеге - Желтоқсан атауы.

2. Жібек жолы ауылындағы бірінші массивтегі жана құрылыстар атауы берілсін 15,16,17,18,19,20,21,22,23,24,25,26,27 көшелерін біріктіру арқылы - № 1 шағын атауы, № 28 көшеге - Жаңа Ауыл 2030 шағын аудан атауы.

3. Жібек жолы ауылындағы екінші массивтегі жана құрылыстар көшелеріне атаулар берілсін:

№ 7 көшеге – Мұхтар Әуезов атындағы атауы,

№ 8 көшеге – Панфилов атындағы атауы,

№ 9 көшеге – Шәкен Айманов атындағы атауы,

№ 10 көшеге – Дінмұхамет Қонаев атауы,

№ 11 көшеге – Жамбыл атауы,

№ 12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,23,24,25,26,27,28 көшелерін біріктіру арқылы - № 2 шағын аудан атауы,

№ 29,30,31 көшелерін біріктіру арқылы - № 3 шағын аудан атауы.

4. Жібек жолы ауылындағы үшінші массивтегі жана құрылыстар көшелеріне атаулар берілсін:

№ 1 көшеге – Бұхар Жырау атындағы атауы,

№ 2 көшеге – Нұркен Әбдіров атындағы атауы,

№ 3 көшеге – Ыбырай Алтынсарин атындағы атауы,

№ 4 көшеге – Дина Нүрпеисова атындағы атауы,

№ 5 көшеге – Төле би атындағы атауы.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім Аршалы аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ж і б е к ж о л ы а у ы л д ы қ
округінің әкімі А.Дәулет
КЕЛІСІДІ:

Аршалы ауданының «Сәулет
және қала құрылыс бөлімі»
мемлекеттік мекеменің бастығы А.Ибраев

«Аршалы ауданының мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекеменің бастығы А.Гросс

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК